| **Жарғы** | |
|---|---|
| **Жоба атауы:** | Туған өлке- тұнған шежіре |
| **Бастамашылар:** | Мансур Болат- Құмарық ауылдық округінің әкімі,<br>Сабденова Ағираш – Т.Рысқұлов ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің сектор меңгерушісі,<br>Әлпеисов Асқар– Т.Рысқұлов ауданы әкімдігінің экономика және бюджетті жоспарлау бөлімінің сектор меңгерушісі,<br>Қырықбаев Рүстем – Т.Рысқұлов ауданы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы |
| **Жобаның іске асырылу мерзімі** | 2022-2024 жыл |
| **Жобаның негіздемесі** | 1. Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласының «Туған жер» бағдарламасы аясында «Рухани қазына» кіші бағдарламасы<br>2. Аудандағы тарихи көрнекті жерлерді аудан, облыс, республикаға паш ету |
| **Жобаның өнімі** | Туған өлке туралы Веб сайт, әдеби және электронды кітап, карта шығару, деректі фильм түсіру |
| **Жобаның SMART мақсаты** | Аудан аумағындағы тарихи жерлердің аңыз әңгімелері мен тарихи деректерін жинай отырып, тарихи орындарға жүргізіліп жатқан археологиялық қазба жұмыстары туралы мен оның ерекшеліктері толық ақпаратты қамтитын әдеби және электронды кітап шығару, осы нысандардың картасын әзірлеу;<br>Кітапханада оқырмандарға талап етілетін ақпаратты жедел ұсынуға мүмкіндік жасау, сайттар көмегімен жаңа ақпараттық қызмет көрсетуді дамыту, |

| | |
|---|---|
| | Ауданның бірегей тарихи орындарының тізімін анықтау.<br>Аудан аумағындағы тарихи жерлерге қатысты архивтік ақпараттар жинау. Аудан аумағындағы тарихи жерлерге қатысты әзірленген ақпараттың электронды базасы қамтылған ескерткіштердің тізімі, суреті, аңыз әңгімелері мен архивтік дереккөздерін көрсететін сайт жасау.<br>Туған өлке туралы деректі фильм түсіру. |
| **Жобаның міндеті** | 1.Аудан аумағындағы ЮНЕСКО-ның тізіміне енген Ортағасырлық Құлан, Өрнек қалашықтарын және жаңадан бекітілген тарихи орындарды туристер келіп тамашалауына жағдай жасау.<br>2.Аудан аумағындағы тарихи орындарды жергілікті халыққа және туристерге танымдылығын арттыру мақсатында насихаттау. |
| **Жоба сәттілігінің критерийлері** | Жергілікті халық пен туристерге кітап, карта жасау, веб сайт ашу арқылы туған жердің тарихын таныстыра отырып танымдылығын арттыру.<br>Ауданның бірегей тарихи орындарының тізімін анықтау мен аңыз әңгімелерін жинақтауға жергілікті тарихи-өлкетанушыларды тарту. Жергілікті халық киелі, қасиетті тарихи орындар деп анықтаған нысандарды зерделей отырып, қажеттілігіне қарай тізімге алу.<br>Аудан тұрғындары мен мектеп оқушылары арасында ЮНЕСКО-ның тізіміне енген Ортағасырлық Құлан, Өрнек қалашығына жүргізілген археологиялық қазба жұмыстарының маңыздылығы мен ерекшелігін экскурсия барысында көсету мен «Аспан асты» музейін орнатуға негіз қалау, зерттеуші археологтармен тығыз байланыста болу |
| **Стейкхолдерлер** | 1. Кітапхананың қызметкерлері<br>2. Тұрақты оқырмандар<br>3. Білімгерлер мен мектеп оқушылары<br>4. Аудан аумағындағы тарихшылар мен өлкетанушылар.<br>5. Музей |

| | |
|---|---|
| | 6. Аудан әкімдігінің бөлімдері<br>7.Жергілікті баспасөз мекемесі (Құлан таңы)<br>8.Мұрағат |
| **Жобаның шектеулері** | 1. 15 млн тенге<br>2. Үш жылға<br>3. Аудандық деңгейде тарихи орындарды жан жақты зерттеу және халыққа насихаттау |
| **Жоба тәуекелдері** | 1. Жобаның қолдау таппауы<br>2. Қаржының бөлінбеуі<br>3. Археолог, зерттеуші, өлкетанушы мамандарының тапшылығы<br>4. Аудан тұрғындарының тарихи орындарына қызығушылығының жоқтығы<br>5. Тарихи орындарда инфрақұрылымның (жол, электр жарығы, байланыс, су)жоқтығы |